

5. *History of Major Industrial Enterprises of the City of Chimkent. Vol. 1 (1868–2021): Collection of Documents and Materials.* Shymkent, 2023. 362 p. [in Russian].
6. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F. 206, op. 1, d. 170, l. 34–36, 42–42 ob. [in Russian].
7. Turkestan Regional State Archive (TOGA). F. 969, op. 1, sv. 19, d. 108, l. 3–4, 41, 43–44. [in Russian].
8. Turkestan Regional State Archive (TOGA). F. 538, op. 1, sv. 85, d. 421, l. 44. [in Russian].
9. Turkestan Regional State Archive (TOGA). F. 1262, op. 1, sv. 2, d. 22, l. 16–17. [in Russian].
10. Turkestan Regional State Archive (TOGA). F. 1262, op. 1, sv. 2, d. 22, l. 94. [in Russian].
11. Turkestan Regional State Archive (TOGA). F. 922, op. 3, sv. 153, d. 741, l. 13–15. [in Russian].
12. Turkestan Regional State Archive (TOGA). F. 1011, op. 3, sv. 6, d. 24, l. 59–61, 68. [in Russian].
13. Sakhov, S. *My Time — A Stormy Sea.* Shymkent: Ordabasy, 2010. 328 p. [in Kazakh].
14. Alaukhanov, E. *Is It Possible to Protect Oneself from Crime?* Almaty: Qazygurt, 2005. 144 p. [in Kazakh].
15. South Kazakhstan State Archive. F. 1009, op. 1, d. 1266, l. 8. [in Russian].
16. Abduraymova, Z. M. (b. 1967). Interview recorded on January 9, 2026. Shymkent. Resident since 1990. [in Kazakh].
17. Zhanbolatov, S. E. (b. 1968). Interview recorded on January 20, 2016. Shymkent. Resident since 1989. [in Kazakh].
18. South Kazakhstan State Archive. F. 1009, op. 1, d. 1266, l. 3. [in Russian].
19. Limarenko, M. Interview. *Yuzhny Kazakhstan Newspaper.* No. 73, June 20, 2003. [in Russian].
20. Abdakimuly, M. *History of the City of Shymkent: A Historical and Educational Study.* Almaty: Qalamqer, 2021. 306 p. [in Kazakh].
21. *Shymkent: Historical and Informational Guidebook.* Shymkent: Kitap, 1998. pp. 78, 86–89. [in Kazakh].
22. South Kazakhstan State Archive. F. 1009, op. 1, d. 1266, l. 5. [in Russian].
23. National Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 4, op. 1, d. 106, l. 20. [in Russian].
24. Orman, A. “Shymkent Will Become a Special City.” *Yuzhny Kazakhstan Newspaper.* February 6, 2007. [in Kazakh].
25. South Kazakhstan State Archive. F. 809, op. 1, d. 783, l. 135, 133, 130–131. [in Russian].

**ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY**

FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.01.79

ӘӨЖ/УДК/UDS 94 (674)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.005>

А. Амирбек¹, Қ.Базарбаев^{2}, М.Гиритлиоглу³*

*¹PhD, доцент. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Қазақстан, Түркістан. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz,*

<https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>

*²PhD, доцент. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Қазақстан, Түркістан. Хат-хабарларға арналған автор*

E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz,

<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

³PhD. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Қазақстан, Түркістан. E-mail: mustafa.giritli@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0002-8205-8657>

**ТҮРКИЯ–ӘЗЕРБАЙЖАН ҚАТЫНАСТАРЫН ТАРИХИ ТАЛДАУ:
ТҮРҒЫТ ӨЗАЛ ДӘУІРІ МЫСАЛЫ (1989-1993)**

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты 1989-1993 жылдары аралығында Түркия елін президент ретінде басқарған Тұрғыт Өзал дәуірінде Түркия–Әзербайжан қатынастарын талдау болып табылады. КСРО-ның ыдырауынан кейін Оңтүстік Кавказ аймағы халықаралық қауымдастықтың ерекше назарын аударған стратегиялық кеңістікке айналды. Әлемдік жүйедегі екі супердержаваның бірінің жойылуы аталған өңірде елеулі геосаяси вакуум қалыптастырып, күштер тепе-теңдігі мен аймақтық қауіпсіздік архитектурасының қайта құрылуына алып келді. Геосаяси орналасуы, энергетикалық және көлік дәліздері тұрғысындағы әлеуеті, сондай-ақ қауіпсіздік пен саяси тұрақтылыққа ықпалы Оңтүстік Кавказды жаһандық саясаттың маңызды аймақтардың біріне айналдырды. Халықаралық деңгейде КСРО дәуірінде Оңтүстік Кавказ аймағына белсенділік таныта алмаған Түркия үшін бұл өңірдің стратегиялық маңызы өзге мемлекеттермен салыстырғанда айрықша сипат алды. 1991 жылы тәуелсіздігін жаңадан жариялаған Әзербайжан Түркиямен тарихи, діни және мәдени ортақтық негізінде халықаралық қатынастар жүйесіне дербес актор ретінде еніп, екіжақты байланыстар жаңа саяси мазмұнға ие болған еді.

Түркия қалыптасқан жаңа халықаралық жүйе жағдайында өзінің геосаяси орнын қайта айқындау мүмкіндігіне ие болып, Батысқа бағытталған тәуелділік элементтері басым әрі теңгерімдік сипаты әлсіреген сыртқы саяси бағдарын ұлттық мүддесіне сәйкес қайта құрылымдауға стратегиялық мүмкіндік алды. Осы үдеріс аясында этникалық және мәдени ортақтыққа негізделген Әзербайжан мемлекетімен институционалдық және көпқырлы байланыстарды дамытып, аймақтық ынтымақтастықты нығайту мен өзара тиімді стратегиялық серіктестік қалыптастыру бағытында жаңа саяси-экономикалық мүмкіндіктерді іске асыруға кірісті.

1991 жылғы 30 тамызда Әзербайжанда тәуелсіздік жарияланып, 18 қазанда «Мемлекеттік тәуелсіздік заңы» қабылданды. Тәуелсіздік алған кезеңде, әсіресе Қарабақ дауы аймақтық саяси және қауіпсіздік динамикасын айқындаған маңызды фактор болып отырды. Аталған тарихи және мәдени контекст «Түркі әлемі» идеясын саяси құрылымдарға интеграциялау

үрдісінде ерекше мәнге ие болды. Түркия-Әзербайжан қарым-қатынастары Тұрғут Өзал кезеңінде жаңа қарқын алған, ал энергия ресурстары мен мемлекетаралық саясаттың стратегиялық мәні Өзал дәуіріндегі сыртқы саясаттың экономикалық рационалды бағытын айқындады. Осы кезеңде Түркия-Әзербайжан қарым-қатынастарында Тұрғут Өзалдың саяси тұлғалығы шешуші рөл атқарған факторлардың бірі болды. Энергетикалық саясатқа негізделген басымдықтар, әсіресе Әзербайжан елімен дипломатиялық және мәдени стратегияларды айқындау – Тұрғут Өзалдың сыртқы саясаттағы басымдықтары ретінде қарастырыға болады. Негізінде Тұрғут Өзал көптеген түрік ғалымдарының зерттеулерінде «трансформациялық көшбасшы» ретінде сипатталған.

Кілт сөздер: Түркия, Әзербайжан, Тұрғут Өзал, қауіпсіздік, Оңтүстік Кавказ, сыртқы саясат, Қарабақ дауы, халықаралық жүйе, стратегия, Түркі әлемі, энергетикалық саясат.

А. Амирбек¹, Қ.Базарбаев^{2*}, М.Гиритлиоглу³

¹PhD, доцент. Междунaродный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>

²PhD, доцент. Междунaродный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. Автор-корреспондент E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

³PhD. Междунaродный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. E-mail: mustafa.giritli@ayu.edu.kz <https://orcid.org/0000-0002-8205-8657>

ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ТУРЦИИ И АЗЕРБАЙДЖАНА: НА ПРИМЕРЕ ПЕРИОДА ТУРГУТА ОЗАЛА (1989–1993)

Аннотация

Цель данной статьи – проанализировать взаимоотношения Турции и Азербайджана в период президентства Тургута Озала (1989–1993). После распада СССР Южный Кавказ превратился в стратегически значимый регион, привлекающий особое внимание международного сообщества. Распад одной из сверхдержав создал в регионе геополитический вакуум, что привело к перестройке баланса сил и архитектуры региональной безопасности. Геополитическое положение, энергетический потенциал и транспортные коридоры, а также влияние на безопасность и политическую стабильность сделали Южный Кавказ одним из ключевых регионов мировой политики.

На международной арене для Турции, которая в советский период не могла активно присутствовать в Южном Кавказе, этот регион приобрел особое стратегическое значение. В 1991 году Азербайджан, объявивший о своей независимости, вступил в систему международных отношений как самостоятельный актор на основе исторической, религиозной и культурной общности с Турцией. Двусторонние связи приобрели новое политическое содержание. Турция получила возможность пересмотреть своё геополитическое положение в условиях новой международной системы и реорганизовать внешнеполитический курс, в котором преобладали элементы зависимости от Запада и ослабленная сбалансированность, в соответствии с национальными интересами.

В этом процессе Турция развивала институциональные и многосторонние связи с Азербайджаном на основе этнической и культурной общности, укрепляла региональное сотрудничество и формировала взаимовыгодное стратегическое партнёрство, создавая новые политико-экономические возможности. 30 августа 1991 года в Азербайджане была

провозглашена независимость, 18 октября того же года принят «Закон о государственной независимости». Период после обретения независимости, особенно конфликт в Карабахе, оказал значительное влияние на региональную безопасность.

Исторический и культурный контекст сыграл особую роль в процессе интеграции идеи «Тюркского мира» в политические структуры. Взаимоотношения Турции и Азербайджана получили новый импульс в период Тургута Озала, стратегическое значение энергетических ресурсов и межгосударственной политики определило экономически рациональное направление внешней политики Т.Озала. В формировании этих отношений ключевую роль сыграла политическая личность Т.Озала. Приоритеты, основанные на энергетической политике, особенно разработка дипломатических и культурных стратегий с Азербайджаном, были одними из основных внешнеполитических приоритетов Т.Озала. В ряде исследований турецкие учёные характеризуют Т.Озала как «трансформационного лидера», что позволяет глубже понять его влияние на двусторонние отношения.

Ключевые слова: Турция, Азербайджан, Тургут Озал, безопасность, Южный Кавказ, внешняя политика, конфликт в Карабахе, международная система, стратегия, Тюркский мир, энергетическая политика.

A. Amirbek¹, K. Bazarbayev^{*2}, M. Giritlioglu¹

¹PhD, associate professor. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>

²PhD, associate professor. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. Corresponding author E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

¹PhD. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. E-mail: mustafa.giritli@ayu.edu.kz <https://orcid.org/0000-0002-8205-8657>

HISTORICAL ANALYSIS OF TURKEY–AZERBAIJAN RELATIONS: THE CASE OF THE TURGUT ÖZAL PERIOD (1989–1993)

Abstract

The aim of this article is to analyze the relations between Turkey and Azerbaijan during the presidency of Turgut Özal (1989–1993). Following the collapse of the USSR, the South Caucasus became a strategically significant region, attracting particular attention from the international community. The dissolution of one of the superpowers created a geopolitical vacuum in the region, leading to a restructuring of the balance of power and the architecture of regional security. Its geopolitical location, energy potential, and transport corridors, as well as its impact on security and political stability, made the South Caucasus one of the key regions in global politics. For Turkey, which had been unable to maintain an active presence in the South Caucasus during the Soviet era, this region acquired a distinctive strategic significance on the international stage. In 1991, Azerbaijan, having declared its independence, entered the system of international relations as an autonomous actor based on historical, religious, and cultural ties with Turkey. Bilateral relations thus acquired new political content. Turkey gained the opportunity to reassess its geopolitical position within the new international system and to reorganize its foreign policy, which had previously been dominated by Western dependence and weakened balance, in accordance with national interests.

In this process, Turkey developed institutional and multilateral ties with Azerbaijan based on ethnic and cultural commonalities, strengthened regional cooperation, and established a mutually beneficial strategic partnership, creating new political and economic opportunities. On August 30, 1991, Azerbaijan declared independence, and on October 18 of the same year, the “Law on State Independence” was adopted. The post-independence period, especially the conflict in Karabakh, significantly influenced regional security.

The historical and cultural context played a key role in integrating the idea of the “Turkish world” into political structures. Turkey–Azerbaijan relations gained new momentum during the Turgut Özal period, with the strategic significance of energy resources and intergovernmental policies shaping the economically rational direction of Özal’s foreign policy. In the formation of these relations, Özal’s political personality played a decisive role. Priorities based on energy policy, particularly the development of diplomatic and cultural strategies with Azerbaijan, were among Özal’s main foreign policy priorities. In a number of studies, Turkish scholars describe Özal as a “transformational leader,” which helps to better understand his influence on bilateral relations.

Keywords: Turkey, Azerbaijan, Turgut Özal, security, South Caucasus, foreign policy, Karabakh conflict, international system, strategy, Turkic world, energy policy.

Кіріспе

Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуынан кейін Түркия мен Оңтүстік Кавказ мемлекеттері арасындағы қатынастар жаңа серпінге ие болды. Әсіресе Түркия мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастар көпқырлы, әрі терең мазмұнды стратегиялық байланыстар сипатында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Бұл үдерісте екі мемлекет арасындағы этникалық және мәдени ортақтықтың рөлі айрықша екені даусыз. Бұған қоса Әзербайжан елі Түркия үшін геосаяси тұрғыдан стратегиялық маңызы жоғары мемлекет болып саналады. Әзербайжан Оңтүстік Кавказ аймағында орналасқан және Каспий теңізі алабының энергетикалық ресурстарына тікелей қолжетімділік беретін негізгі елдердің бірі ретінде ерекшеленеді. Әзербайжанның аумақтық орналасуы Түркияны Орталық Азиямен, Каспий өңірімен және кең мағынадағы Еуразиялық кеңістікпен байланыстыратын маңызды геостратегиялық көпір қызметін атқарады [1]. Сонымен қатар, Әзербайжан Түркияның Оңтүстік Кавказдағы саяси ықпалын нығайтуда және аймақтық қауіпсіздік архитектурасына қатысуында маңызды орын алады [2]. Екі ел арасындағы этникалық, тілдік және мәдени жақындық геосаяси серіктестіктің институционалдық және ұзақ мерзімді сипат алуына негіз қалады. Осы факторлар жиынтығы Тұрғұт Өзал дәуірінде Әзербайжанды Түркияның сыртқы саясатындағы басым стратегиялық бағыттардың біріне айналдырды.

Тұрғұт Өзал кезеңінде тәуелсіздік алған Әзербайжан мемлекетін ресми түрде алғаш таныған ел — Түркия болды. Түркия 1991 жылғы 25 мамырда Бакуде консулдық өкілдігін ашып, 1992 жылғы 14 қаңтардан бастап елшілік деңгейіндегі дипломатиялық өкілдігін іске қосты. Түркия мен Әзербайжан арасындағы қарқынды саяси байланыстар негізінен Әбулфаз Елчибей билігі тұсында жанданды. Мемлекет басшылары мен ресми тұлғалардың өзара сапарлары екіжақты қатынастардың институционалдық тұрғыда нығаюына ықпал етті [3].

Өзал саяси көшбасшы ретінде тілдік, тарихи және мәдени бірлік факторына ерекше мән берген саяси тұлға болатын [4]. Осы бағытта Түркия мен Әзербайжан арасында бірқатар әлеуметтік және экономикалық келісімдер жасалды. Өзал кезеңінде Әзербайжанда Айаз Мұталибов, Әбулфаз Елчибей және Хейдар Әлиев билік жүргізді. Соған қарамастан, екіжақты қатынастардың барынша қарқынды дамуы Елчибей кезеңіне сәйкес келді [5]. Хейдар Әлиев кезеңінде байланыстар 1993 жылдан кейін одан әрі дами түсті, алайда Тұрғұт Өзалдың қайтыс болуына байланысты бұл кезең шектеулі уақытты қамтыды [6].

Тұрғұт Өзал кезеңінде Түркия–Әзербайжан қатынастарында Қарабақ мәселесі маңызды орынға ие еді. Қақтығыс басталған кезеңде Түркия Армениямен шекарасын жабу арқылы

Әзербайжанға саяси қолдау білдірді. Тұрғұт Өзалдың Қарабақ мәселесіне қатысты ұстанымы аймақтағы күш теңдігіне, прагматизм және стратегиялық болжау қағидаттарына негізделген болатын. Осы тұрғыда тікелей әскери араласудан бас тартып, дипломатиялық ықпал тетіктері, шекаралық шектеу шаралары және стратегиялық, әрі геосаяси ықпал құралдары қолданылды. Бұл сыртқы саясат Түркия–Әзербайжан қатынастарын әрі саяси келіссөз алаңында, әрі аймақтық деңгейде нығайтуға бағытталды. Өзал, Қарабақ мәселесінде Түркияны тікелей әскери қақтығысқа тартпай, Әзербайжанды ішкі және халықаралық деңгейде белсенді түрде қолдап, дипломатиялық және логистикалық қолдау тетіктері арқылы теңгерімді, әрі оң нәтижеге бағдарланған саясат жүргізуге ұмтылды.

Материалдар мен әдістер.

Мақала Тұрғұт Өзалдың президенттік кезеңінде (1989–1993) Түркия–Әзербайжан қатынастары тарихи-саяси контекст және БАҚ беттеріндегі баяндамалар аясында кешенді түрде талданды. Зерттеу жұмысы сапалық зерттеу әдістеріне негізделген. Осы бағытта тарихи құжаттарды талдау, контент талдауы және салыстырмалы мазмұндық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу шеңберінде қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы және КСРО-ның ыдырауы кезеңінде Түркия мен Әзербайжан арасында қалыптасқан мемлекетаралық қатынастардың эволюциясы тарихи-саяси контекст негізінде талданды. Осы талдау аясында Тұрғұт Өзалдың сыртқы саяси доктринасы, геостратегиялық көзқарасы және аймақтық геосаясатқа қатысты тұжырымдамалық ұстанымдарына басымдық берілді.

Зерттеу аясында Түркия–Әзербайжан қатынастарының БАҚ басылымдарында шыққан материалдары талданды. 1989–1993 жылдары аралығында аталған басылымдарда жарияланған Әзербайжан, Қарабақ мәселесі, Түркі әлемі және энергетикалық саясатқа қатысты жаңалықтар мен сарапшылардың материалдары мазмұндық талдау әдістері негізінде зерттелді [7].

БАҚ басылымдарының идеологиялық бағыттары ескеріле отырып, әсіресе Қарабақ мәселесін айқындау ерекшеліктері, Түркі әлемі тақырыбын талдауы, Әзербайжанға көмек көрсету тақырыбы және Тұрғұт Өзалдың сыртқы саяси ұстанымдары, саяси құндылықтары мен оның ұсынған саяси тұжырымдары өзара салыстырмалы әдіс негізінде талданды.

Нәтижелер

1989-1991 жылдар Еуразия кеңістігіндегі күштер тепе-теңдігі түбегейлі өзгерген кезең болды. Шығыс Еуропадағы социалистік режимдердің құлдырауы, КСРО-ның ішкі дағдарысының тереңдеуі және ұлттық республикалардағы саяси сананың оянуы Оңтүстік Кавказды халықаралық саясаттың өзекті аймағына айналдырды. Бұл кезеңде аймақтың геосаяси маңызы бірнеше фактор негізінде күшейген болатын [8]. Біріншіден, географиялық тұрғыдан Оңтүстік Кавказ Еуропа мен Азияның түйіскен торабында орналасып, Ресей-Таяу Шығыс-Орталық Азия бағытындағы транзиттік және қауіпсіздік байланыстарын қамтамасыз ететін геосаяси кеңістік ретінде орныға түсті. Екіншіден, этносаяси шиеленістердің күшеюі (Қарабақ мәселесінің ушығуы) аймақты қауіпсіздік дағдарысының жаңа ошақтарының біріне айналдырды. Үшіншіден, жаңа тәуелсіздік перспективалары халықаралық аренадағы акторларды (соның ішінде Түркияны) бұрынғы КСРО кеңістікке қатысты сыртқы саясатты қайта қарауға мәжбүр етті [9].

Осы өтпелі кезеңде Түркия үшін Әзербайжан тек бауырлас халық ұғымымен шектелмейтін, болашақта сыртқы саясаттың басым бағыттарының біріне айналуы мүмкін аймақтық серіктес ретінде көріне бастады [10]. Алайда бұл басымдыққа негізделген үдеріс бір күнде қалыптасқан жоқ. 1989-1991 жж. Түркия-Әзербайжан қатынастары көбіне дайындық сипатында болды, яғни дипломатиялық институттар толық қалыптаспай тұрып, саяси дискурс, байланыс арналары мен стратегиялық бағалау қалыптаса бастады [11].

Зерттеу тақырыбымыздың аясы Тұрғұт Өзал дәуірін қамтуына байланысты, Тұрғұт Өзалдың саяси көшбасшылық, әрі сыртқы саясаттағы прагматикалық кісілік келбетін сипаттап өткен абзал. Жалпы Тұрғұт Өзал кезеңін арнайы зерттеген еңбектерде оның көшбасшылық ерекшеліктері, сыртқы саясаттағы көпвекторлы ұстанымы және Түркияны жаңа халықаралық жағдайда ықпалды актор ретінде көрсетуге ұмтылысы атап өтіледі [12]. Тұрғұт Өзал Түркия тарихында тек ішкі экономикалық реформалармен ғана емес, сонымен қатар сыртқы саясаттағы жаңашыл ұстанымымен де ерекшеленген тұлға болды. Оның саяси бағыты Түркияны дәстүрлі белгілі бір геосаяси алаңмен шектеулі дипломатиялық кеңістіктен шығарып, жаңа аймақтық және халықаралық бағыттарға бет бұрумен сипатталды. Өзалдың сыртқы саяси көзқарасының негізінде прагматизм, экономикалық мүдде, көпбағыттылық және Түркияның геосаяси рөлін күшейту идеясына негізделеді. Өзал Түркияны Шығыс пен Батысты байланыстыратын, сол арқылы өз ұлттық мүдделерін кең ауқымда қорғай алатын мемлекет ретінде қарастырды [13]. Осы тұжырым аясында түркі республикалары бағыты да ерекше орын алды. Әзербайжан бұл саясатта тарихи-мәдени жақындығымен ғана емес, жаңа халықаралық жағдайда пайда болған стратегиялық мүмкіндік ретінде бағаланды [14].

Тұрғұт Өзал дәуірінің сыртқы саясаттағы басты ерекшелігі Түркияның дәстүрлі бейтарап дипломатиясынан біршама белсендірек, мүмкіндіктерді елдің мүддесіне тиімді пайдалануға ұмтылған сыртқы саяси стиліне көшуімен ерекшеленеді [15]. Өзалдың саяси бағыты көбіне экономикалық реформалармен қатар жүріп, сыртқы саясатта жаңа нарықтар, жаңа қатынастар және жаңа ықпал кеңістіктері сияқты прагматикалық өлшемдермен парапар өрбіген болатын. Бұл тұрғыдан сыртқы саясатта Түркі республикалары бағыты Өзал үшін тек мәдени-тарихи символизм ғана емес, сыртқы саясатта ықпалды күшейте алатын және елге жаңа капиталды қамтамасыз ететін геосаяси мүмкіндік ретінде қабылданған болатын [16].

Өзал кезеңінде түркі әлемі дискурсы Түркияның ішкі саяси легитимділігіне де қызмет етті. Түрік қоғамдық пікірі КСРО кеңістіктегі түркі халықтарына қатысты эмоционалдық жақындық арқылы сыртқы саясаттағы түркі әлеміне қатысты жаңа белсенділікті табиғи, әрі заңды құбылыс ретінде қабылдай бастады. Дегенмен сыртқы саясаттың нақты практикасында Түркия туыстық, тамырлық жақындықты халықаралық жағдаймен, ықтимал тәуекелдермен және ірі державалардың реакциясымен теңгеруге мәжбүр болды.

Түркия-Әзербайжан қатынастары жөніндегі зерттеулерде, әдетте, екі негізгі бағытты байқауға болады. Бірінші бағытта екі ел арасындағы тарихи, мәдени және этникалық жақындыққа басымдық беріледі. Бұл еңбектерде Түркия мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастар көбіне түркі әлемі идеясы аясында «бір ұлт - екі мемлекет» тұжырымдамасының тарихи алғышарттары тұрғысынан түсіндіріледі. Екінші бағыттағы зерттеулерде саяси прагматизм, аймақтық қауіпсіздік, геосаясат және сыртқы саясаттағы мүдделер басым орын алады. Мұнда Түркияның Әзербайжанға қатысты саясаты тек эмоциялық немесе мәдени жақындықпен емес, сонымен қатар Оңтүстік Кавказдағы ықпалын күшейту, аймақта Ресей мен Иранның ықпалын азайту және жаңа экономикалық мүддеге негізделген байланыстар орнату тұрғысынан зерттеледі [17].

Сондықтан 1989-1993 жылдардағы Түркияның Әзербайжанға қатысты сыртқы саяси бағыты екі басымдыққа негізделген сипат алды. Біріншісі түркі әлемі идеясына негізделген басымдық: ортақ тіл, ортақ тарих, мәдени туыстық саясатын қамтыған. Екіншісі прагматикалық басымдық: аймақта ықпалын кеңейту, қарым-қатынастарды институционалдандыру, энергияға негізделген ынтымақтастықты ұлғайту, Ресей мен Иранның Оңтүстік Кавказ аймағындағы күшін теңестіру саясатын қамтыған [18].

КСРО-ның әлсіреуі Әзербайжанда ұлттық қозғалыстың күшеюіне, егемендік идеясының кеңеюіне және ішкі саяси күрестің тереңдеуіне алып келді. Бұл жағдай Түркия үшін екі түрлі нәтиже берген болатын. Бір жағынан, жаңа тәуелсіз мемлекетпен байланыс орнатудың тарихи

мүмкіндігі ашылды, ал екінші жағынан, Әзербайжандағы тұрақсыздық және Қарабақтағы шиеленіс Түркия тұрғысынан басты қауіпсіздік факторына айналды.

1989-1993 жылдар аралығы Түркия мен Әзербайжан арасындағы саяси қатынастардың қалыптасуы мен институционалдануының бастапқы, әрі шешуші кезеңі болды. Бұл жылдар КСРО-ның ыдырауымен, Оңтүстік Кавказдағы жаңа саяси кеңістіктің пайда болуымен, Әзербайжанның тәуелсіздік алуымен және Таулы Қарабақ қақтығысының ушығуымен тұспа-тұс келді. Осындай күрделі тарихи жағдайда Түркия Әзербайжанмен байланысын тек этникалық-мәдени жақындық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, реалистік тұрғыдан жаңа геосаяси ахуал аясындағы сыртқы саяси басымдықтарының бірі ретінде қарастыра бастады [19].

1980-ші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың басында Кеңес Одағында басталған ішкі дағдарыс одақтас республикаларда ұлттық сананың күшеюіне және тәуелсіздікке ұмтылыстың артуына алып келді. Әзербайжанда бұл үдеріс ұлттық қозғалыстардың жандануымен, егемендік идеясының күшеюімен және коммунистік билікке қарсылықтың артуымен қатар жүрді. Түркия осы процестерді мұқият бақылап отырды [20]. Өйткені Әзербайжанның саяси тағдыры Анкара үшін тек бауырлас халықтың тағдыры ретінде ғана емес, сонымен бірге Оңтүстік Кавказдағы ықпалдың болашағына тікелей қатысты мәселе ретінде қабылданды. Осылайша, 1989 жылдан бастап Түркия-Әзербайжан қатынастарының саяси мазмұны жаңа сипатқа ие бола бастады [21].

Бұл кезеңдегі Түркияның сыртқы саясатының маңызды ерекшелігі - оның бейтарап пен белсенділікті ұштастыра ұстануы болды. Бір жағынан, Түркия Кеңес Одағы толық ыдырамай тұрған жағдайда түркі тілдес елдердің егемендігін бірінші болып мойындау арқылы асығыс түрде ашық, әрі тым батыл әрекеттерге барудан тартынбады. Екінші жағынан, Анкара Әзербайжанға қатысты болашақ сыртқы саяси бағыттың алғышарттарын асықпай терең стратегияға негіздеп қалыптастыруға кірісті. Осы кезеңде қоғамдық пікір, зиялы қауым және саяси элита деңгейінде түркі әлемі идеясы аясында Әзербайжанмен жақындасу саясаты кеңінен қолдау тапты. Түркия қоғамында Әзербайжанға деген қызығушылықтың артуы, ортақ тарихи жад пен тілдік жақындықтың жиі айтылуы екіжақты қатынастардың қоғамдық-психологиялық негізін күшейтті [15].

1991 жылы Әзербайжан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Түркия бұл жаңа мемлекетті алғашқылардың бірі болып мойындады. Бұл қадам Түркия-Әзербайжан қатынастары тарихындағы аса маңызды бетбұрыс болды. Түркияның Әзербайжанды ерте мойындауы бірнеше саяси мағынаға ие еді. Біріншіден, бұл Әзербайжанның халықаралық құқық субъектісі ретінде танылуына моральдық және дипломатиялық қолдау көрсетті. Екіншіден, Түркия посткеңестік кеңістікте жаңа мемлекеттермен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетті. Үшіншіден, бұл Анкараның Оңтүстік Кавказға қатысты стратегиялық ұстанымын нақтылауына септігін тигізді [22].

Әзербайжан тәуелсіздік алғаннан кейін екі ел арасындағы қатынастар біртіндеп ресми және институционалдық сипат ала бастады. Дипломатиялық байланыстар орнату, ресми өкілдіктер ашу, жоғары деңгейдегі саяси байланыстарды жолға қою секілді қадамдар осы кезеңде іске асырылды. Түркия Әзербайжанды жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық жүйеге енгізуге көмектесуге мүдделі болды. Бұл тек түркі идеясы аясындағы қолдау емес, нақты дипломатиялық қатынас орнату процесі еді. Сондықтан 1991-1992 жылдары екі ел арасындағы саяси қатынас-тардың негізі қаланған болатын [4].

Сонымен қатар, 1992 жылдан бастап Түркия-Әзербайжан қатынастарының саяси мазмұны күрделене түсті. Бұған ең алдымен Таулы Қарабақтағы әскери-саяси ахуал ықпал етті. Қақтығыстың ұшығуы Әзербайжанның сыртқы қолдауға деген қажеттілігін күшейтті, ал Түркия үшін бұл мәселе тек гуманитарлық жанашырлық шеңберінен шығып, аймақтық қауіпсіздікпен байланысты проблемаға айналды. Түркия Әзербайжанның аумақтық тұтастығын қолдайтынын білдірді және Армениямен қақтығысқа байланысты Бакудің ұстанымына

саяси қолдау көрсетті. Осылайша, екіжақты қатынастардың қауіпсіздік өлшемі алдыңғы қатарға шықты [21].

Алайда Түркияның Әзербайжанды қолдауы нақты шектеулермен бетпе-бет келді. Бұл жерде Анкараның саяси еркі мен геосаяси мүмкіндігінің арасындағы айырмашылық айқын байқалды. Біріншіден, Ресей «жақын шетелдері стратегиясы» аясында посткеңестік кеңістікті өзінің ықпал аймағы ретінде қарастыруды жалғастырды және Оңтүстік Кавказдағы кез келген белсенді сыртқы араласуға жол бермеуге тырысты. Екіншіден, Иран факторы да маңызды болды, өйткені Әзербайжан мәселесі Иранның өз ішіндегі этносаяси тепе-теңдікке де ықпал етуі мүмкін еді. Үшіншіден, Түркия халықаралық жүйедегі орнын, НАТО мүшесі ретіндегі жауапкершілігін және Батыспен қатынасын есепке алуға мәжбүр болды. Сондықтан Түркия Әзербайжанға тікелей әскери араласудан бас тартып, негізінен дипломатиялық, саяси және моральдық қолдау көрсету жолын таңдады [15].

Бұл кезеңде Тұрғыт Өзалдың жеке саяси көзқарасы ерекше рөл атқарды. Өзал Түркияның жаңа халықаралық ортада белсенді актор болуы керек деп санады. Оның көзқарасында Әзербайжан түркі әлемінің құрамдас бөлігі ғана емес, Түркияның жаңа аймақтық стратегиясының маңызды буыны болды. Өзалдың сыртқы саясаттағы белсенділігі екі ел арасындағы байланысты жеделдетті. Ол Түркияның Кавказдағы рөлін кеңейтуді және Әзербайжанмен қатынасты ұзақ мерзімді негізде дамыту қажеттігін түсінді. Алайда оның бұл ұмтылысы мемлекеттік институттардың белсенді бейтарап ұстанымымен және халықаралық ахуалдың шектеулерімен үйлесіп отырды. Сондықтан Өзал дәуірінде қатынастардың бағыт-бағдары айқындалғанымен, олар толыққанды стратегиялық одақ дәрежесіне жете қойған жоқ [7].

1992-1993 жылдары Әзербайжанның ішкі саяси тұрақсыздығы да екіжақты қатынастарға әсер етті. Билік ауысулары, ішкі саяси дағдарыс және соғыс жағдайы Түркияның Әзербайжанмен жұмыс істеуін қиындатты. Түркия бір жағынан Әзербайжанды қолдауды жалғастырды, екінші жағынан, оның ішкі саяси әлсіздігі мен тұрақсыздығы Анкараның бұл елмен қарым-қатынасын бірізді стратегиялық арнаға тез көшіруіне кедергі жасады. Яғни, Түркия–Әзербайжан саяси қатынастары осы кезеңде жоғары символдық маңызға ие болғанымен, нақты саяси тұрақтылық пен институционалдық жүйелілік әлі толық қалыптасып үлгермеген еді [19].

1993 жыл бұл қатынастар үшін ерекше маңызды кезең болды. Бір жағынан, Әзербайжандағы билік өзгерістері мен аймақтық ахуал Түркияның ұстанымын қайта қарауға итермеледі. Екінші жағынан, Армениямен шекара мәселесі мен Қарабақтағы жағдай Түркияның Әзербайжанмен ынтымақтастығын күшейтті. Түркияның Арменияға қатысты қатаң саяси ұстанымға көшуі де Әзербайжанмен саяси жақындасудың нақты көрінісі болды. Бұл жағдай Түркияның Әзербайжанды қолдауы тек тарихи-мәдени аргументтерге ғана емес, аймақтық саяси ұстанымға да айналғанын көрсетті [23].

Жалпы алғанда, 1989-1993 жылдардағы Түркия–Әзербайжан саяси қатынастары бірнеше өзара байланысты бағытта дамыды. Біріншіден, бұл кезеңде екі ел арасындағы тарихи және мәдени жақындық ресми дипломатиялық қатынастың саяси негізіне айналды. Екіншіден, Түркия Әзербайжанды тәуелсіз мемлекет ретінде мойындап, оның халықаралық позициясын нығайтуға үлес қосты. Үшіншіден, Қарабақ қақтығысы екіжақты қатынастардың қауіпсіздік өлшемін күшейтті. Төртіншіден, Өзал кезеңі Түркияның Әзербайжанға қатысты ұзақ мерзімді сыртқы саяси бағдарын айқындап берді. Сондықтан бұл кезеңді Түркия–Әзербайжан қатынастарының қалыптасуындағы бастапқы стратегиялық кезең деп сипаттауға болады. Осы жылдары екі ел арасындағы саяси сенімнің, өзара қолдаудың және кейінгі онжылдықтардағы стратегиялық серіктестіктің негізі қаланды. 1989-1993 жылдардағы тәжірибе кейінгі кезеңдегі «бір ұлт – екі мемлекет» формуласының тек идеологиялық ұран емес, нақты тарихи-саяси эволюция нәтижесі екенін көрсетеді [24].

Талқылау

Тұрғыт Өзал дәуірі Түркия–Әзербайжан қатынастары тарихында өтпелі емес, керісінше, ұзақ мерзімді стратегиялық маңызы бар бастапқы қалыптастырушы кезең ретінде бағалануы тиіс. 1989–1993 жылдар аралығы екі мемлекеттің арасындағы байланыстардың тек басталу кезеңі ғана емес, сонымен бірге олардың кейінгі онжылдықтардағы саяси, дипломатиялық және геостратегиялық жақындасуының идеялық әрі институционалдық негізі қаланған уақыт болды. Бұл кезеңнің тарихи нәтижесін бірнеше өзара сабақтас бағытта түсіндіруге болады [16].

Біріншіден, Өзал дәуірінің ең маңызды тарихи нәтижесі — Түркияның Әзербайжанға қатысты сыртқы саяси бағытының нақты қалыптасуы болды. Кеңес Одағы ыдырап жатқан тұста Түркия бұрынғы кеңестік түркі республикаларына, әсіресе Әзербайжанға қатысты өз ұстанымын жедел түрде айқындады. Бұл Анкараның жаңа халықаралық жағдайда сыртқы саясаттағы бағдарларын кеңейтуге дайын екенін көрсетті. Әзербайжанның тәуелсіздігін ерте мойындауы және онымен ресми дипломатиялық қатынастар орнатуға ұмтылуы Түркияның Кавказ бағытындағы саясатында стратегиялық ойлау элементтерінің күшейе бастағанын дәлелдеді. Яғни Өзал кезеңінде Әзербайжан Түркия үшін тек тарихи-мәдени жақын мемлекет емес, нақты саяси және геосаяси маңызы бар әріптес ретінде қарастырыла бастады [8].

Екіншіден, дәл осы кезеңде Түркия–Әзербайжан қатынастарының идеялық негізі айқындалды. Түркия мен Әзербайжан арасындағы қатынастарға қатысты кейін кеңінен тараған «бір ұлт – екі мемлекет» формуласы саяси доктрина ретінде кейінгі жылдары орныққанымен, оның мазмұндық және психологиялық алғышарттары нақ осы Өзал дәуірінде қалыптасты. Ортақ тіл, дін, тарих және мәдениет туралы дискурс екі ел арасындағы ресми қатынастарды моральдық және символдық тұрғыдан заңдастырды. Алайда бұл идеялық жақындық біртіндеп нақты саяси мазмұнмен толықты: өзара дипломатиялық қолдау, халықаралық аренадағы позициялық жақындасу және аймақтық қауіпсіздік мәселелеріндегі ұқсас мүдделер осы кезеңде анық көріне бастады. Демек, Өзал кезеңінің мұрасы тек риторикалық бауырластықта емес, сол бауырластықты саяси қатынас форматына айналдыруда жатыр [19].

Үшіншіден, Тұрғыт Өзал дәуірі Түркия–Әзербайжан қатынастарының қауіпсіздік өлшемін қалыптастырған кезең болды. Таулы Қарабақ қақтығысының ушығуы, Әзербайжанның ішкі саяси тұрақсыздығы және Кавказдағы күштер балансының күрделенуі екі ел арасындағы қарым-қатынасты эмоциялық-тарихи деңгейден қауіпсіздік пен геосаясат деңгейіне көтерді. Түркия Әзербайжанның аумақтық тұтастығын қолдай отырып, оның позициясын халықаралық деңгейде қорғауға тырысты. Бұл ретте Түркияның әрекеті толыққанды әскери сипат алмағанымен, оның Әзербайжанға қатысты ұстанымы аймақтық дағдарыс жағдайында саяси серіктестік логикасына көшкенін көрсетті. Осылайша, Өзал кезеңі кейінгі қауіпсіздік саласындағы ықпалдастықтың да негізін қалады [5].

Төртіншіден, бұл дәуірдің маңызды нәтижесі — Түркияның посткеңестік кеңістіктегі мүмкіндіктері мен шектеулерін бір мезгілде айқындауы болды. Өзалдың белсенді сыртқы саяси көзқарасы Түркияны Кавказ бен Орталық Азия бағытында белсендірек әрекет етуге итермеледі. Алайда Ресейдің аймақтағы ықпалы, Иран факторы, Батыспен қатынастарды сақтау қажеттілігі және Түркияның өз ішкі институционалдық ерекшеліктері бұл саясаттың шынайы шектерін белгіледі. Сол себепті Тұрғыт Өзал дәуірінің саяси мұрасы тек жетістіктерден емес, сонымен бірге Түркия үшін маңызды дипломатиялық сабақтардан тұрады. Атап айтқанда, Әзербайжанға қатысты қолдау саясаты тек тарихи жақындыққа ғана сүйенбеуі, ол міндетті түрде халықаралық ахуалмен, аймақтық тепе-теңдікпен және кезеңдік мүмкіндіктермен ұштасуы қажет екені осы тұста анық байқалды [25].

Бесіншіден, Өзал кезеңінің мұрасы институционалдық сипатқа да ие болды. Қатынастардың алғашқы ресми тетіктері, дипломатиялық байланыстардың негізі, жоғары деңгейдегі саяси диалогтың басталуы, өзара қолдаудың тұрақты формалары осы жылдары қаланды. Әрине, бұл кезеңде толыққанды стратегиялық одақ немесе терең экономикалық ықпалдастық әлі қалыптас-

қан жоқ. Бірақ кейінгі Баку–Тбилиси–Жейхан жобасы, энергетикалық әріптестік, қорғаныс саласындағы жақындасу және саяси одақтастық секілді ірі процестер үшін бастапқы сенім мен саяси бағдар осы кезеңде жасалды. Сондықтан Тұрғыт Өзал дәуірі кейінгі серіктестіктің тек идеялық емес, практикалық-институционалдық алғышарты ретінде де тарихи маңызға ие [13].

Алтыншыдан, Өзал дәуірінің саяси мұрасы Түркияның өзін аймақтық актор ретінде түсінуінің өзгеруімен де байланысты. Егер бұған дейін Түркия сыртқы саясатында көбіне Батыс бағытындағы интеграциялық ұстанымдарға басымдық берсе, Өзал кезеңінде ол өзінің кеңірек геосаяси кеңістіктегі орнын қайта пайымдай бастады. Әзербайжанмен қарым-қатынас осы қайта пайымдаудың нақты көрінісі болды. Түркия өзіне тек Еуропа мен Таяу Шығыстың аралығындағы мемлекет ретінде емес, сондай-ақ түркі әлемімен тарихи байланысы бар, Кавказда дербес рөл атқара алатын мемлекет ретінде қарай бастады. Бұл жаңа өзіндік түсінік кейінгі сыртқы саяси концепциялар үшін де маңызды негіз болды [8].

Жалпы алғанда, Тұрғыт Өзал дәуірінің тарихи нәтижесі — Түркия–Әзербайжан қатынастарының бағытын түбегейлі айқындап бергендігінде. Бұл кезең екі елдің байланысын тарихи естелік немесе мәдени жақындық деңгейінде қалдырмай, оны нақты сыртқы саяси, дипломатиялық және аймақтық маңызы бар қатынасқа айналдырды. Өзалдың жеке саяси еркі, халықаралық жүйедегі өзгерістер және Әзербайжан тәуелсіздігінің тарихи сәті тоғысқан осы кезең кейінгі онжылдықтардағы одақтастықтың бастауы болды. Сондықтан Тұрғыт Өзал дәуірі Түркия–Әзербайжан байланыстары тарихында уақытша эпизод емес, стратегиялық серіктестіктің іргетасын қалаған маңызды бетбұрыс кезеңі ретінде қарастырылуы тиіс [24].

Қорытынды

Түркия–Әзербайжан қатынастарын 1989–1993 жылдар аралығында, яғни Тұрғыт Өзал дәуірі мысалында тарихи талдау бұл кезеңнің екі ел қатынастары тарихында айрықша мәнге ие екенін көрсетеді. Бұл уақыт аралығы кездейсоқ тандалған кезең емес. Дәл осы жылдары халықаралық қатынастар жүйесі түбегейлі өзгеріп, Кеңес Одағы ыдырап, Әзербайжан тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа саяси кеңістікке шықты. Осындай тарихи жағдайда Түркияның Әзербайжанға қатысты сыртқы саясаты өзінің жаңа мазмұны мен бағыт-бағдарын тапты.

Зерттеу барысында анықталғандай, Тұрғыт Өзал дәуіріндегі Түркия–Әзербайжан қатынастары бірнеше фактордың тоғысында дамыды. Біріншіден, бұл — тарихи-мәдени ортақтық факторы. Түркия мен Әзербайжан арасындағы тілдік, діни және мәдени жақындық екіжақты саяси қатынастардың моральдық және идеологиялық негізін қалыптастырды. Екіншіден, бұл — халықаралық жүйедегі құрылымдық өзгерістер. Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы мен посткеңестік кеңістіктің ашылуы Түркияға жаңа геосаяси бағыттарда белсендірек әрекет ету мүмкіндігін берді. Үшіншіден, бұл — лидерлік фактор. Тұрғыт Өзалдың сыртқы саясаттағы прагматикалық әрі батылырақ ұстанымы Түркияның Әзербайжанмен қарым-қатынасты ерекше маңызды бағыт ретінде қарастыруына ықпал етті.

Мақала аясындағы талдау көрсеткендей, 1989-1993 жылдардағы Түркия–Әзербайжан қатынастары бірден толыққанды стратегиялық серіктестік деңгейіне жеткен жоқ. Алайда дәл осы кезеңде мұндай серіктестіктің барлық негізгі алғышарттары қалыптасты. Түркия Әзербайжанды тәуелсіз мемлекет ретінде мойындап, онымен дипломатиялық қатынас орнатуға мүдделілік танытты; Әзербайжан үшін Түркия халықаралық қолдаудың алғашқы және аса маңызды көздерінің біріне айналды; екі елдің саяси байланыстары аймақтық қауіпсіздік, әсіресе Қарабақ мәселесі аясында тереңдей түсті. Осыған байланысты зерттеу кезеңі екіжақты қатынастардың «қалыптасу сатысы» ғана емес, олардың кейінгі даму логикасын анықтаған «бағыттаушы кезең» ретінде бағаланады.

Сонымен бірге бұл зерттеу Тұрғыт Өзал дәуіріндегі Түркия саясатының күрделілігін де ашып көрсетті. Түркия Әзербайжанды қолдауға дайын болғанымен, оның әрекеті аймақтық және халықаралық шектеулерге тәуелді болды. Ресейдің Кавказдағы ықпалы, Иран факторы,

Батыс елдерімен қарым-қатынасты сақтаудың маңыздылығы және Түркияның ішкі саяси ерекшеліктері Анкараның Әзербайжан бағытындағы саясатында сақтық элементтерін күшейтті. Осыдан келіп, Түркияның сол кезеңдегі ұстанымын «саяси қолдау жоғары, бірақ құралдық мүмкіндігі шектеулі саясат» деп сипаттауға болады. Бұл тұжырым Тұрғыт Өзал дәуірінің сыртқы саясатын біржақты романтикалық тұрғыдан емес, нақты халықаралық шынайылықпен ұштастыра түсіндіруге мүмкіндік береді [25].

Мақаланың маңызды қорытындыларының бірі - Тұрғыт Өзал кезеңінде қалыптасқан қатынастардың кейінгі онжылдықтардағы Түркия–Әзербайжан стратегиялық әріптестігінің негізгі платформасына айналғаны. Егер 1989–1993 жылдары бұл байланыстар көбіне саяси тану, дипломатиялық бастама және қауіпсіздікке қатысты ұстаным деңгейінде көрінсе, кейінгі кезеңде олар энергетика, көлік, қорғаныс, аймақтық дипломатия және халықаралық ұйымдар аясындағы үйлесімділікпен толықты. Басқаша айтқанда, Өзал дәуірінде қаланған негіз кейінгі тарихи кезеңдерде мазмұндық жағынан тереңдеп, институционалдық жағынан нығайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Тұрғыт Өзал дәуірінің саяси мұрасы тек белгілі бір тарихи кезеңмен шектелмейді. Оның мәні — Түркия мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастың ұзақ мерзімді сипатын алдын ала белгілегендігінде. Бұл дәуірде Әзербайжан Түркия үшін посткеңестік кеңістіктегі маңызды әріптес ретінде орнықса, Түркия Әзербайжан үшін сыртқы қолдаудың, халықаралық танылудың және саяси жақындасудың сенімді арнасына айналды. Мұндай өзара қабылдау кейінгі стратегиялық одақтастықтың психологиялық және саяси негізін қалыптастырды.

Қорытындылай келе, 1989–1993 жылдардағы Тұрғыт Өзал дәуірі Түркия–Әзербайжан қатынастары тарихындағы шешуші бастау кезеңі болды деп айтуға толық негіз бар. Бұл кезеңде екі ел арасындағы байланыстар тарихи жақындықтың символдық кеңістігінен шығып, нақты саяси мазмұнға ие болды; дипломатиялық қатынастардың негізі қаланды; аймақтық қауіпсіздік күн тәртібі ортақ саяси ұстанымдарды тереңдете түсті; ал Тұрғыт Өзалдың сыртқы саяси көзқарасы бұл процесті жылдамдатқан маңызды факторға айналды. Сондықтан бұл дәуірді Түркия–Әзербайжан қатынастарының тарихи эволюциясындағы алғашқы стратегиялық баспалдақ ретінде бағалау орынды.

Егер болашақ зерттеулер тұрғысынан қарастырсақ, бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтпайды. Өйткені қазіргі Түркия–Әзербайжан қатынастарының саяси логикасын, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын және аймақтық одақтастығын толық түсіну үшін оның тарихи бастауларын, әсіресе Өзал кезеңіндегі шешімдер мен ұстанымдарды терең зерттеу қажет. Осы себепті Тұрғыт Өзал дәуірі тек өткеннің бір кезеңі емес, қазіргі Түркия–Әзербайжан серіктестігінің түпкі тарихи кілті ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Cornell S. E. *Türkiye's Return to Central Asia and the Caucasus*. - Washington, D.C.; Stockholm-Nacka: Central Asia-Caucasus Institute and Silk Road Studies Program, 2024. - 90 p.
2. Aras B., Akpınar P. *The Relations between Turkey and the Caucasus // Perceptions*. - 2011. - Vol. 16. - No. 3. - P. 53-68.
3. *Relations between Türkiye and Azerbaijan [Electronic resource] // Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Türkiye*. - Access mode: <https://www.mfa.gov.tr/relations-between-turkiye-and-azerbaijan.en.mfa> (accessed: 04.03.2026).
4. Evoyan L. *Turkey-Azerbaijan Relations: The Dynamics of the Development // Vestnik RUDN. International Relations*. - 2013. - No. 3. - P. 122-128.
5. *The Closed Armenia-Turkey Border: Economic and Social Effects, Including Those on the People; and Implications for the Overall Situation in the Region [Electronic resource] // European Parliament*. - 2007. - Access mode: https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/etudes/join/2007/385526/EXPO-AFET_ET%282007%29385526_EN.pdf (accessed: 04.03.2026).

6. Ataman M. *Ozal Leadership and Restructuring in Turkish Foreign Policy* // *Turkish Journal of International Relations*. - 2002. - Vol. 1. - No. 1. - P. 123-154.
7. Machitidze E. *Turkish Foreign Policy During the Rule of Turgut Ozal* // *History, Politics, Primary Source Studies*. - 2024. - No. 2. - P. 269-278.
8. Onis Z. *Turkey in the Post-Cold War Era: In Search of Identity* // *Middle East Journal*. - 1995. - Vol. 49. - No. 1. - P. 48-68.
9. Robins P. *Between Sentiment and Self-Interest: Turkey's Policy Toward Azerbaijan and the Central Asian States* // *Middle East Journal*. - 1993. - Vol. 47. - No. 4. - P. 593-610.
10. Laciner S. *Turgut Ozal Period in Turkish Foreign Policy: Ozalism* // *USAK Yearbook of Politics and International Relations*. - 2009. - No. 2. - P. 153-205.
11. Türkiye [Electronic resource] // Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Azerbaijan. - Access mode: <https://www.mfa.gov.az/en/category/europe/turkiye> (accessed: 04.03.2026).
12. Aras B. *Turkey's Policy in the Former Soviet South: Assets and Options* // *Turkish Studies*. - 2000. - Vol. 1. - No. 1. - P. 36-58.
13. Ibrahimov R. *Turkish-Azerbaijani Energy Relations: Significant Leverage in the Implementation of the Foreign Policy Interests of Both Countries* // *Insight Turkey*. - 2015. - Vol. 17. - No. 2. - P. 83-100.
14. Aral B. *Dispensing with Tradition? Turkish Politics and International Society during the Ozal Decade, 1983-1993* // *Middle Eastern Studies*. - 2001. - Vol. 37. - No. 1. - P. 72-88.
15. Hale W. *Turkish Foreign Policy, 1774-2000*. - London: Frank Cass, 2000.
16. Ismayilov M., Graham N. A. (Eds.). *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* - Abingdon; New York: Routledge, 2016.
17. Bedford S. *Turkey and Azerbaijan* // *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* / Ed. by M. Ismayilov, N. A. Graham. - Abingdon; New York: Routledge, 2016. - P. 93-109.
18. Nurmammadov E. *Azerbaijan-Turkey Relations through the Prism of Economic Transactions* // *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* / Ed. by M. Ismayilov, N. A. Graham. - Abingdon; New York: Routledge, 2016. - P. 61-77.
19. Babiş A. G. *Azerbaijan-Turkey Relations (1988-2018): Evaluating 'One Nation - Two States' Discourse*. - Ankara: Middle East Technical University, 2018.
20. Aliyev E. *Azerbaijan-Turkish Relations (1992-2012): A Foreign Policy Analysis*. - Ankara: Middle East Technical University, 2012.
21. Cornell S. E. *Azerbaijan Since Independence*. - Armonk, NY: M. E. Sharpe, 2011.
22. Hale W. *Turkey, the Middle East, and the Gulf Crisis* // *International Affairs*. - 1992. - Vol. 68. - No. 4. - P. 679-692.
23. Sayari S. *Turkey: The Changing European Security Environment and the Gulf Crisis* // *Middle East Journal*. - 1992. - Vol. 46. - No. 1. - P. 9-21.
24. Bedford S. *Turkey and Azerbaijan: One Religion - Two States?* // *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* / Ed. by M. Ismayilov, N. A. Graham. - Abingdon; New York: Routledge, 2016. - P. 110-127.
25. Larrabee F. S., Lesser I. O. *Turkish Foreign Policy in an Age of Uncertainty*. - Santa Monica, CA: RAND Corporation, 2003.

References:

1. Cornell, S. E. (2024). *Türkiye's Return to Central Asia and the Caucasus*. Washington, D.C.; Stockholm-Nacka: Central Asia-Caucasus Institute and Silk Road Studies Program. [in English]
2. Aras, B., & Akpınar, P. (2011). *The Relations between Turkey and the Caucasus*. Perceptions, 16(3), 53-68. [in English]
3. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Türkiye. (n.d.). *Relations between Türkiye and Azerbaijan*. Retrieved March 4, 2026, from <https://www.mfa.gov.tr/relations-between-turkiye-and-azerbaijan.en.mfa> [in English]

4. Evoyan, L. (2013). Turkey-Azerbaijan Relations: The Dynamics of the Development. *Vestnik RUDN. International Relations*, 3, 122-128. [in English]
5. European Parliament. (2007). The Closed Armenia-Turkey Border: Economic and Social Effects, Including Those on the People; and Implications for the Overall Situation in the Region. Retrieved March 4, 2026, from https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/etudes/join/2007/385526/EXPO-AFET_ET%282007%29385526_EN.pdf [in English]
6. Ataman, M. (2002). Ozal Leadership and Restructuring in Turkish Foreign Policy. *Turkish Journal of International Relations*, 1(1), 123-154.
7. Machitidze, E. (2024). Turkish Foreign Policy During the Rule of Turgut Ozal. *History, Politics, Primary Source Studies*, 2, 269-278. [in English]
8. Onis, Z. (1995). Turkey in the Post-Cold War Era: In Search of Identity. *Middle East Journal*, 49(1), 48-68. [in English]
9. Robins, P. (1993). Between Sentiment and Self-Interest: Turkey's Policy Toward Azerbaijan and the Central Asian States. *Middle East Journal*, 47(4), 593-610. [in English]
10. Laciner, S. (2009). Turgut Ozal Period in Turkish Foreign Policy: Ozalism. *USAK Yearbook of Politics and International Relations*, 2, 153-205. [in English]
11. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Azerbaijan. (n.d.). Türkiye. Retrieved March 4, 2026, from <https://www.mfa.gov.az/en/category/europe/turkiye> [in English]
12. Aras, B. (2000). Turkey's Policy in the Former Soviet South: Assets and Options. *Turkish Studies*, 1(1), 36-58. [in English]
13. Ibrahimov, R. (2015). Turkish-Azerbaijani Energy Relations: Significant Leverage in the Implementation of the Foreign Policy Interests of Both Countries. *Insight Turkey*, 17(2), 83-100. [in English]
14. Aral, B. (2001). Dispensing with Tradition? Turkish Politics and International Society during the Ozal Decade, 1983-1993. *Middle Eastern Studies*, 37(1), 72-88. [in English]
15. Hale, W. (2000). *Turkish Foreign Policy, 1774-2000*. London: Frank Cass. [in English]
16. Ismayilov, M., & Graham, N. A. (Eds.). (2016). *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* Abingdon; New York: Routledge. [in English]
17. Bedford, S. (2016). Turkey and Azerbaijan. In M. Ismayilov & N. A. Graham (Eds.), *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* (pp. 93-109). Abingdon; New York: Routledge. [in English]
18. Nurmammadov, E. (2016). Azerbaijan-Turkey Relations through the Prism of Economic Transactions. In M. Ismayilov & N. A. Graham (Eds.), *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* (pp. 61-77). Abingdon; New York: Routledge. [in English]
19. Babiş, A. G. (2018). *Azerbaijan-Turkey Relations (1988-2018): Evaluating 'One Nation - Two States' Discourse* (Master's thesis). Middle East Technical University, Ankara. [in English]
20. Aliyev, E. (2012). *Azerbaijan-Turkish Relations (1992-2012): A Foreign Policy Analysis* (Master's thesis). Middle East Technical University, Ankara. [in English]
21. Cornell, S. E. (2011). *Azerbaijan Since Independence*. Armonk, NY: M. E. Sharpe. [in English]
22. Hale, W. (1992). Turkey, the Middle East, and the Gulf Crisis. *International Affairs*, 68(4), 679-692. [in English]
23. Sayari, S. (1992). Turkey: The Changing European Security Environment and the Gulf Crisis. *Middle East Journal*, 46(1), 9-21. [in English]
24. Bedford, S. (2016). Turkey and Azerbaijan: One Religion - Two States? In M. Ismayilov & N. A. Graham (Eds.), *Turkish-Azerbaijani Relations: One Nation - Two States?* (pp. 110-127). Abingdon; New York: Routledge. [in English]
25. Larrabee, F. S., & Lesser, I. O. (2003). *Turkish Foreign Policy in an Age of Uncertainty*. Santa Monica, CA: RAND Corporation. [in English]